

Хаттама №1

2022 жылы 20 мамыр күні № 33 «Жуантөбе» жалпы орта мектептің ағылшын тілі пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс - 10
Қатысканы -10

Күн тәртібінде:

- 1.2021-2022 оқу жылындағы атқарылған әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстарына талдама жасау ;
2. Жазғы мектеп жұмыстарына дайындық барысы
3. Келер оқу жылына сағат жүктемелерінің жобасын дайындау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселеге орай бірлестік жетекшісі Ж.Нұрымбетова бірлестіктің 2021-2022 оқу жылындағы атқарған жұмыстарына талдау жасады. Жыл бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесіне, жетістіктеріне тоқталды. Республикалық, облыстық, аудандық байқаулар мен конкурстарда, ғылыми жобаларда жеңімпаз атанған оқушылардың жетістіктерін атап өтті. Екінші мәселеге орай жазғы мектеп жұмысына дайындық шаралары, күнтізбелік – тақырыптық жоспарларды бекіту жұмыстары жөнінде мәлімдеме жасады.

Үшінші мәселе бойынша келер оқу жылына пән мұғалімдерінің сағат жүктемелерінің жобасын дайындау қажеттігін, мектеп директоры мен оқу ісі жөніндегі орынбасарына ұсынатынын айтты.

Шығып сөйлеушілер:

1. Г.Құлмаханова —ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Жазғы мектеп жұмысына байланысты күнтізбелік –тақырыптық жоспарлары оқу бағдарламасына сәйкес жасалды. Республикалық, облыстық, аудандық байқаулар мен конкурстарда, ғылыми жобаларда біршама жетістіктерге қол жеткіздік. Келер оқу жылы да осы бағыттан таймайтынымызға сенеміз.

2. Г. Рахимова— ағылшын тілі пәнінің мұғалімі


Оқушылардың пәндік олимпиадаға, ғылыми жобалар байқауына, Ұлттық бірыңғай Тестілеуге дайындық жұмыстарына жеткілікті көңіл бөлініп келеді. Бұл жұмыстарға қатысты нәтиже да баршылық. Келер оқу жылы да жетістіктерге қол жеткіземіз деп ойлаймын. 2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарды қанағаттанарлық деп есептеймін.

Ағылшын пәндері бірлестігінің отырысы ҚАУЛЫ етеді:

- 1.2021-2022 оқу жылындағы атқарылған әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы мектеп жұмыстарына дайындық барысы жоспарға сай жүзеге асырылсын.
- 3.Пән мұғалімдерінің келер оқу жылына арналған сағат жүктемелері мектеп директоры мен оқу ісі жөніндегі орынбасарынан бекітуге ұсынылсын.

Ағылшын тілі пәні бірлестігінің жетекшісі: Ж. Нұрымбетов

Хатшысы: А. Тайтемирова



2023 жылы 18 мамыр күні № 33 «Жуантөбе» жалпы орта мектептің ағылшын тілі пәндері бірлестігінің отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс - 10
Қатысканы - 10

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстарына талдама жасау ;
2. Жазғы мектеп жұмыстарына дайындық барысы
3. Келер оқу жылына сағат жүктемелерінің жобасын дайындау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселеге орай бірлестік жетекшісі Ж.Нұрымбетова бірлестіктің 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстарына талдау жасады. Жыл бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесіне, жетістіктеріне тоқталды. Республикалық, облыстық, аудандық байқаулар мен конкурстарда, ғылыми жобаларда жеңімпаз атанған оқушылардың жетістіктерін атап өтті. Екінші мәселеге орай жазғы мектеп жұмысына дайындық шаралары, күнтізбелік – тақырыптық жоспарларды бекіту жұмыстары жөнінде мәлімдеме жасады.

Үшінші мәселе бойынша келер оқу жылына пән мұғалімдерінің сағат жүктемелерінің жобасын дайындау қажеттігін, мектеп директоры мен оқу ісі жөніндегі орынбасарына ұсынатынын айтты.

Шығып сөйлеушілер:

1. Б. Шолпан – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Жазғы мектеп жұмысына байланысты күнтізбелік – тақырыптық жоспарлары оқу бағдарламасына сәйкес жасалды. Республикалық, облыстық, аудандық байқаулар мен конкурстарда, ғылыми жобаларда біршама жетістіктерге қол жеткіздік. Келер оқу жылы да осы бағыттан таймайтынымызға сенеміз.

2. Т. Акмарал – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Оқушылардың пәндік олимпиадаға, ғылыми жобалар байқауына, Ұлттық бірыңғай Тестілеуге дайындық жұмыстарына жеткілікті көңіл бөлініп келеді. Бұл жұмыстарға қатысты нәтиже да баршылық. Келер оқу жылы да жетістіктерге қол жеткіземіз деп ойлаймын. 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарды қанағаттанарлық деп есептеймін.

Ағылшын пәндері бірлестігінің отырысы ҚАУЛЫ етеді:

1. 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы мектеп жұмыстарына дайындық барысы жоспарға сай жүзеге асырылсын.
3. Пән мұғалімдерінің келер оқу жылына арналған сағат жүктемелері мектеп директоры мен оқу ісі жөнінде орынбасарынан бекітуге ұсынылсын.

Ағылшын тілі пәні бірлестігінің жетекшісі: Ж. Нұрымбетов
Хатшысы: А. Тайтемирова

Қатысты: 10

Қатыспады: 0

Күн тәртібінде:

1. Өткен жылды қорытындылау, 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысу
2. 2023-2024 оқу жылына арнап жылдық жоспарларды қарап шығу, құрастыру
3. Жас мамандарға тәлімгер бекіту
4. Марапаттауға мұғалімдер ұсыну
5. Аттестацияға мұғалімдер ұсыну
6. Озат тәжірибелік жұмыстарын тарататын мұғалімдерді анықтау, ұсыну, зерттеуге алу
7. Инклюзивті оқытуға байланысты курстан өту

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша ағылшын тілі пәні бірлестігінің жетекшісі Ж. Нұрымбетова сөз сөйледі. Жана оқу жылымен мұғалімдерді құттықтап өткен оқу жылының қорытындысын айтып өтті. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен әр бір мұғалім танысу керек деп атап өтті. Әдістемелік нұсқау хатта өзгерістер жайлы тоқталды. Бастауыш білім беруде 1-сыныптарда мынадай өзгерістер енгізілді. Шет тілі және орыс тілі пәндері оқытылмайды. Оқу жылының ұзақтығы 25 мамырға дейін болады. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру. Ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу. Осы өзгерістер жайлы танысып, сол бойынша жұмыстар атқарылатынын айтып өтті.

2-мәселе бойынша Қ. Гулмира сөз сөйледі. 2023-2024 оқу жылына арнап жылдық жоспарларды қарап шығу, құрастыру туралы айтып өтті. Жылдық жоспарды құрастыруда, оқу бағдарламасын негізге ала отырып жасау керек екендігін атап өтті.

3-мәселе бойынша жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді.

4,5-мәселе бойынша Марапаттауға мұғалімдер ұсыну, аттестацияға мұғалімдер ұсыну
Көп жылдық тәжірибесі бар, атқарып жатқан жұмыстарын ескере отырып мұғалімдерді марапаттауға ұсынды. Аттестацияға мұғалімдерді ұсынуда, санат мерзімі аяқталуға жақын мұғалімдер өтініш беру керек деп айтылды.
6-мәселе бойынша бастауыш сыныптар арасында өздерінің іс-тәжірибесін жинақтап таратуға ұсынып отырған мұғалімдердің жұмыстары қаралды.

№	Аты-жөні	Тақырыбы
1	Т. Ақмарал	Ағылшын тілі сабақтарында оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға жетелеу
2	Б. Шолпан	Оқушыларды көркем жазуға баулу жолдары
3	М. Лилия	Ағылшын тілі сабағында тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану
4	О. Назерке	Ағылшын тілі сабағында ойын технологиясының тиімділігі

Әріптестер арасында талқыланып жатқан іс-тәжірибе жинақтарын ортада талқылау жүрді. Талқылау барысында іс-тәжірибелерін ұсынып отырған мұғалімдердің еңбектері сабақтар барысында қалай қолданып жүргендері әріптестер арасында қызығушылық оятқандары айтылды.

7-мәселе бойынша инклюзивті білім беруде курстан өтпеген мұғалімдер болса, курстан өту керек деп атап өтілді.

Қаулы:

1. Өткен жылды қорытындылау, 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысып, сол бойынша жұмыстар атқарылсын
2. 2023-2024 оқу жылына арнап жылдық жоспарларды қарап шығу, құрастыру, оқу бағдарламасына сай жүргізілсін
3. Жас мамандарға тәлімгер бекіту
4. Марапаттауға мұғалімдер ұсыну
5. Аттестацияға мұғалімдер ұсыну, санаты аяқталған мұғалімдер жұмыстансын
6. Озат тәжірибелік жұмыстарын тарататын мұғалімдерді анықтап, ұсыну, жұмыстары таратылсын
7. Инклюзивті оқытуға байланысты курстан өтпеген мұғалімдерді, курстан өтуі жүзеге асырылсын

Пән бірлестік жетекшісі:  Ж. Нұрымбетова

Хатшы:  А. Тайтемирова